

# ДАИЯС ЖАНСУТІРОВ



Kuza<sup>a</sup>  
Yacchob  
Moqu<sup>b</sup>  
110°, 60°<sup>2</sup>.  
Oct 19 V



# ДАИЯС ЖАНСҮГІРОВ

ШЫҒАРМАЛАР

БІРІНШІ ТОМ



ӨЛЕҢДЕРІ



ҚАЗАКТЫҢ МЕМЛЕКЕТТІК  
Көркем Зібабет Баспасы  
Алматы - 1960

**Күрастыраңдар:**  
**A. Сүлеев, F. Орманов.**

Редколлегия мүшелері:  
**X. Жұмалиев, F. Орманов, M. Қаратаев,**  
**Ф. Габитова, K. Бекхожин, C. Сеитов**

**Жалпы редакциясын басқарғандар:**  
**X. Жұмалиев, M. Қаратаев.**

И ДЖАНСУГУРОВ

СОБРАНИЕ СОЧИНЕНИЙ

Том I

(на казахском языке)

Издание Қазгослитиздата—1960

Редактор Г. **Молдагалиев**. Художник Ю. **Ненахова**  
Худ. редактор Н. **Гаев**. Техн. редактор К. **Фаритдинов**.

Сдано в набор 6/XI—1959 г. Изд. № 27 Подписано к печати 26/I—1960 г.  
Формат 84×108<sup>1/2</sup>=17 5 п л—28 70 усл. печ. л. (уч.-изд. л. 25,5).  
УГ05900. Тираж 25.000 экз. Цена 15 руб.

Алма-Ата, **Полиграфкомбинат** Главиздата Министерства культуры КазССР  
Пастера, 39. Заказ № 2200.

# **1915—1920**

## **ЭНШГЕ**

Әлеңгө көнілің құмар, даусың жытар,  
Созылтып ән мұржасын созсаң жытар.  
Ән сүйгіш, жылы көніл, сөзге таңсық  
Жылпындар жылы сөзді неге ұмыттар?  
Тамырды солқымдатып, ойды қозғап,  
Жүректі тебірентіп, ішті жылтытар.  
Қайғылы, мұндың, өнерлі, шерлі жанға  
Ой салар, ойын түртер, жыбыршытіар.  
Еліртер, екілентер, елбіретер,  
Толғантар, толғақ салар, толықситар;  
Аспанға аңы даусың шырқап, қалқып,  
Коңырлап, көмей қайта ыңырсытар.  
Зарлының екі көзін мөлдіретіп,  
Болса да елжіретер бейлі шын тар;  
Салған ән магниті тұрған көпті  
Баладай тербеу жеңген бір' тыншытар.

*1915—1916*

## БҰЛБҰЛҒА

Сайрадың құйқылжытып, құбылжытып,  
Тамсандым, тамағымның сүн жұтып,  
Толқытып, толықсытып, емірентіп,  
Кикуға қызықтырдың, кылдың ынтық.  
Ерікті альп, ес шығарып, екілентіп,  
Көңілді көлбектетіп, ойды ұмтылтып;  
Қанды қозғап, тамырды солқылдатып,  
Көңіл мұнын, жүректің лебін тінтіп.  
Малда дыбыс, көлде шу, жерде ывыл жок,  
Маңайды манаурадым мұлде ұмытып;  
Судың сылдыр, тоғайдың дыбыры жок,  
Басқаны қойдың, әншім, тақа құртып.  
Шырқатып, шыңғырасың шымырлатып,  
Төмендеп тұсіресің сыбырлатып;  
«Мұндым-ау! Мынау сенің мұның ғой» — деп,  
Маған да әкелесің қыңырлатып.  
Жіберіп жер астына ызылдатып,  
Қайтадан көтересің сыбырлатып;  
Жүргегім, қаным, миым, көмейім де,  
Косымтып, кос құлакты шыңылдатып.  
Сен сондай, ә, мен қандай сол мезгілде?  
Елжіреп ішім, баурым кеткен мұлде.  
Қаныма қосып кеттің бір ауыру,  
Осындай сайрамасаң күнде-күнде.

1915—1916

## **АРМАН**

Мезгіл бар ма құтылар,  
Шыңжырлаулы тағдырдан?  
Бірақ ой жок үмтүлар,  
Табылар тағдыр дағдыдан.  
Рақымы жок шыңжырға  
Байқамастан шалдырған,  
Аяқ, қолы құрсауда,  
Зарлауда жүр «балдырған».

Желік-желік еткен жас шалғыш  
Суық желмен майысып,  
Селік-селік еткен болды күн  
Көтермей белді қайысып.  
Ажарлы, нұрлы ақ балғын  
Заманмен тозды сайысып,  
Кеңіл құрғыр соп-солғын,  
Жылдам сұып, жай ысып.

*1915—1916*

## ӨЗІМЕ

Хақ сөйле, қызыл тілім, адал сайрап!  
Тапсырдым бар ойымды саған арнап.  
Көнілім, арам ойлап аландама,  
Алмакка біреуді алдап, біреуді арбап.  
Мың қайғы бір борышты өтемейді,  
Тағы да қылма уайым соны барлап.  
Байды зорсып, кедейді нашарсынып  
Бұзылдың көзі күрғыр, елді талдап.  
Еңбекке жалқауландың екі колым,  
Тілейсің жылы суға дәйім малмақ.  
Сырласып сыбырменен сылқыл жасап,  
Құлағым, қуқыл болдың құдай карғап.  
Малдыға изен кағып, көнілін бағып,  
Басым да елді алдадың құрыг «алдалап».

Токтам қыл, билікті бер, мүшелерім!  
Осыны «ождан» сүймей жатыр зарлап...

1915-1916

## СӘЛЕМДЕМЕ

Сәлемдеме жастарға,  
Зарым замандастарға.  
Көкірекке ақыл, көзге  
ғыбрат,  
Жалынды талап, жаңа  
үміт,  
Адал жүрек, ак ниет  
Жамандықтан қашканға.  
Жай таппаған көбелек,  
Жапырағы жоқ қу терек.  
Итке маржан не керек?  
Су ағар ма аспанға?  
Халық үшін жан киған,  
Қамқорлықтан ой жиған,  
Сәлемдеме бұл сидан  
Жарты жанқа тастар ма?  
Ақылы билеп, ой салып,  
Қайғысызыға қайсарып,  
Асыл сөзге бой салып,  
Көңіл көзін ашканға.  
Сөз орнына без беріп,  
Бөз бергенін көз көріп,  
Хабары болса өзгелік  
Дүшпаннан да, достан да.  
Карыны ток, кайрымы аз,  
От басында өзі мәз;  
Шөлдеп жүрген қысы-жаз

Мұның басын косканға.  
Көңілмен бірге кол жетер  
Жүрт кажеті мол жетер,  
Білімдікті олжа етер  
Сусап тұрған бостанға.  
Сондай күрбым — өнерпаз,  
Сусаған су тапса мәз,  
Осы кайғы, осы наз  
Жарамас па астарға?..

*1915—1916*

## **КӨҢІЛДІҢ ЖҰГІРІСІ**

Зыр айналып тоқтамай,  
Үмітке мініп жүр көніл.  
Қайғы ойланып жоктамай,  
Қайтын тапшак кызыл гұл.

Я мактамай, боктамай,  
Бәрін дос деп бекер жүр.  
Жағын керіп оқтамай,  
Алаңдықпен шекті өмір.

Кейде жалын, кейде шоқ,  
Кейде ынтық, кейде жоқ,  
Кейде жаяу, кейде атты,  
Кейде баяу, кейде отты.

Кейде қайғы, кейде шат,  
Кейде тұнық, кейде ылат.  
Кейде коркак, кейде өжет,  
Кейде тірі, кейде өлет.

Көніл бүйтті тағдырысыз,  
Тексере алмай бас катты.  
Өмір өтті мағдырысыз,  
Көксей алмай жас ақты.

Қолды қағып тағдыр тұр,  
Көңілге пәлен демейді.  
Сорды бағып дағды күл  
Маңайдан әлі кетпейді.

Көңіл, сенен тілегім —  
Талапты ертеп, қолды мін;  
Үмітім мен жүрегім  
Тартпасын сордың қорлығын!

*1915—1916*

## ЖАНДЫ СӨЗ

Үйлкітап жатқан көңілді өлең түртер,  
Қайғы, зарын, қуанышын жаксы тінтер.  
Жүргімнің айнасын шаң басқанда  
Орамалым осы өлең бетін сұртер.

Өлең, макал, жаңылтпаш, ертегі, жыр —  
Мұның бәрі жанды сөз, ішінде сыр.  
Елдің сәні сакталар жанды сөзбен,  
Кай жүрт болсын талассыз осыған құл!

*1915—1916*

## **МҰНДЫ КҮС**

Бұлбұлдың сыны толады мамыр, шілде күнінде,  
Куаныш, сайрап конады бірінен соң біріне.  
Көлде құстар қаңқылдап, шалғынды шайқап жел  
соғып,  
Шағала шалқыш, шаңқымдап, көлден көлге құс  
тоғып.

Сонда бұлбұл сайраса қан қызар, қайғың  
сарқырар.  
Сайратып әркім ойласа, шымырлатар —  
шырқырар.  
Өте шыкты осы жай жердегі сәнді сыпсырып,  
Карқылдап қарға апыр-ай, сауыскан салды  
шиқылық.

Сынық канат, мұнды күс жалаңаш ағаш басында,  
Ажалға таяу осы тұс, карға, күзғын касында.  
Қанаты сынды болғанмен көкіректе есекі әні бар;  
Ку ағашқа қонғанмен әннің де не сәні бар?

Қарашадан хабар қып айтса дағы кім тындар?  
Алмай ма соғып, сонар қып саятшылар,  
жылпындар? .

**1915—1916**

## АЛДЫМДА

Сен не дейсің, не дейсің?  
Тілің тәтті, жаймысың?  
Ая! Ая! Эрине!  
Мені жаман демейсің.

Тандайын тәтті, тілің май,  
Тауып айттың апрым-ай,  
Ор қазалық, оқ жасап,  
Олар қамсыз, жатсын жай.

Ахиреттік дос болсак,  
Куда болсак, бір қонсак.  
Қағаз берсек, үрласак,  
Құдайға сал, қорғансак.

Кайрат калың, күш мығым.  
Жазда қамтып қыстығын;  
Мен мұз болсам сен жалын,  
Тым-ак жаман ұсқынын.

Ішінде зәр, сыртында ар,  
Мені алмакшы ойын бар;  
Сен сауысқан, мен арық  
Қызылым тойынар.

Мұны оқыткан кім екен?  
Ғазазыл ма екен, жын ба екен?  
Таңыркаймын, тамсанам,  
Дағдыға күл ку ма екен!

Ашы көніл, тұщы тіл,  
Аулак жығыл, арман өл!

1915—1916

## ЫНТЫҚТАР

Күн батқан сөнд қарайып,  
Қаранғы пер де жабылар;  
Құрт-құмырыска, халайық,  
Құс үшпас, аңдар жалығар.  
Карауытып маңайып,  
Батып ақшам жамылар.  
Күн батқанға қуанып  
Корқақ коян жайылар.  
Шық түсіп жапырақ булаңып,  
Ұйқыдан әр жан табылар.  
Жазғы кеште желсіз тұн,  
Тыншықты, жатты жануар.  
Серт байласып, сөйлескен  
Ынтығын, ынтық сағынар.  
Қөңілі жақсы, тұн тапшы,  
Бір жолықса нағылар...  
Артында түр ауылдын,  
Мезгеулі мезгіл — уағы бар.  
Сүйісу білмес сармойнақ  
Күндел үріп шабынар.  
Жылысып шығып ақ үйден,  
Бұркеніп киім жамылар.  
Жұлдыз жиі, ай жарық,  
Дағдылы көзбен табылар.  
Жалбырап жапырақ, сылдырап,  
Әр бұтаққа таңылар.  
Шалғын төсек, тал перде,

Маңайдан көніл жаңылар.  
Жан сүйісп, тән ысып,  
Ынта айырылмай жалынар.  
Сыбырласып, сырласып,  
Кірден жүрек арылар.  
Үміт кескен жауап жок,  
Таңда тағы табылар...  
Сүйкімді тұн, жоқ болды үн,  
Сызылып атқан таны бар.  
Тағдыр жолы таң атып,  
Хош-хоштасып айрылар.  
Жолықпаса асық жар,  
Тыннымсыз тұннің шанды бар.  
Жолыққан соң асық жар,  
Желсіз, шандыз заны бар.

*1915—1916*

/

## **ЗАМАНДАСҚА**

Өнерге үмтыл, өнерді біл замандаң!  
Қамдан, жатпа, заманыңнан хабарлас!  
Үңта салсан, білім туын колға алсан,  
Тендендік тиер, һешкім күие жағалmas.

Шөлдеп тапқан судан басын ала алmas,  
Шөлдемеген суға басын сала алmas.  
Жаста білген, басқа сціген тәлімің  
Өзің өлмей сүйегіңнен кала алmas.

Жаста жақсы 'мінезді іздеп ала алmas —  
Онда біздей хайуан тіпті жаралmas!  
«Іс күдайда, ерік біреуде» дегенмен,  
Біз қозғалмай, жау жапдағын жаба алmas.  
«Күдай жазды, менде не бар» дегенмен,  
Мұның бос сөз, һешнені өкпен қаба алmas!

**1915—1916**

## ЖЫБЫРЛАҚ

Көңлім қорқақ,  
Тілім шорқақ,  
Мінсіз емес бозбала!

Өнерім аз,  
Сен өнерпаз,  
Тапқан ылаж, қозғама'..

Аттай кетсен,  
Таптай сөксен,  
Хиянат маған, өте обал.

Жүйрік жасқа,  
Замандасқа  
Қас қылмасқа қолымды ал!

Ақын емес,  
Ақылды емес,  
Макұл да емес адаммын.

Ауа қонса,  
Қисық болса  
Айыбы қанша қаламның?

Сынға салдым,  
Шынға салдым,  
Жас талапкер өзіңе!

Сынағанда,  
Шулағанда,  
Кисығын айт өзіме!

Квкірегі ашық,  
Кепке ғашық,  
Анық менің күмарым.

Айналмаса,  
Ойланбаса,  
Иланбаса жыларым..;

*1915—1916*

## МАҢЫМ

Жаксыға айтып базына,  
Көңіл тілім сарнайды.  
Қайғысызға сөйлесен,  
Ңеш құлағын салмайды.  
Үйықтап жатыр, «әй» десен,  
Әсте үйқысы қанбайды.  
Қонсыз қоңыр шолағым  
Жұрт бәйгесін щалмайды.  
Жапалаққа жем берсем,  
Тірі тышқан алмайды.  
Алаламай тең көрсем,  
Бір бұкпесі қалмайды.  
Жігерліге сөз айтсам,  
Жылдамырақ андайды;  
Жігерсізге қисайтсам,  
Ат пен киім тандайды.  
Қанағатсыз қара жер  
Жан біткенді жалмайды.  
Қайрымы жок қара кер  
Құр зорлығын жалдайды.  
Көңіл, өмір жеп-жекіл,  
Бір басымды алдайды.  
Жалған — жалын, мен — көмір,  
От жанудан танбайды.  
Көзі соқыр, көңілі мұз,  
От жауса да жанбайды.  
Маған біткен қын күз  
Лаулап жанып, қаулайды.

1915—1916

## **ШЫМ-ШЫТЫРЫҚ**

**Алған — берген,**

**Калған — өлген, шым-шытрық**

ку заман.

**Жаулаған да,**

**Даулаған да, сүм құзғындей**

шулаған.

**Бозбала аусар,**

**Ақылы жансар, қартаймастан**

алжиды.

**Замғиды да,**

**Қан қүйді да,**

**Малжиды да — шалжииды.**

**Биі әділсіз,**

**Ер кәдірсіз,**

**Қыз да әзілсіз — бір келкі.**

**Досың күлсе,**

**Дұшпан үрсе,**

**Басып жүрсе — өз еркі.**

**Аңы көніл,**

**Тұщы өмір,**

**Төсек темір, бар ма дос?**

**Қайғы баптап,**

**Ойды шақтап,**

**Сырғанақтап — журмін бос.**

**1915—1916**

## **ЖАҢЫЛҒАНЫМ**

Жалғанды «жазықты» деп жамандадым,  
Ол жазықтан өзімді аманнадым.  
Ойладым да отырдым ел табуға,  
Заманнан жақсы досты таба алмадым,

Үш бұынды өмірдің бәрі заман,  
Жиіркендірген жүрт сөзі оны маған.  
Кінә сіалып, ойсызға иек **сүйеп**,  
Орынсызға үрынған өзім жаман.

«Адам таза, өмір ку, тиме!» деген  
Ездік ісі өз көңлін билемеген.  
Жанды, жарық дүниені жалғаншы қып,  
Әлдекімге соктығып **кимелеген**.

Кінә менде, кеп менде, жазық менде,  
Байлап, шешу жазықты қазық менде.  
Уақытша жан қонақ біздің тәнге,  
Алал, арам жегізер **азық** менде.

*1915—1916*